ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 17 шілде №3115-24-00-2/1443 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.С.Сәрсенбиева қойылған талап қою бойынша азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Мойынқұм ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Мойынқұм аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Мухаметжанов» Муслим Дюсембаевич Мухаметжанов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП АРЫЗЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 272 бабын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің 267-4, 117, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Мойынқұм ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Мойынқұм аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Мухаметжанов» Муслим Дюсембаевич Мухаметжановты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Мухаметжанов» Муслим Дюсембаевич Мухаметжановты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Мухаметжанов» Муслим Дюсембаевич Мухаметжановтан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Шешім 17 шілде 2024 жылы шығарылды.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Құжатқа қол қойылған: Сарсенбиева Б. С., 17.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.08.2024, судья Байдаулетова Ж. Е., 26.08.2024

3115-24-3-1/1502